

# **Жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері**

**Тоннамен өлшенетін жүктің белгілі мөлшерін жылжыту және тонна километрмен өлшенетін көліктік жұмыстың белгілі көлемін орындау жүктік автомобиль көлігінің өндірістік процесі болып табылады.**

## ***Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидалары***

**1. Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленген және жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу, қайта тіркеу тәртібін айқындайды.**

**2. Қазақстан Республикасында жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк багажды және пошта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдауға арналған жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеуді бірыңғай мемлекеттік дерекқор қалыптастыру және қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – тіркеуші орган) жүргізеді.**


**3. Мемлекеттік тіркеуге меншік нысанына, қолданылу саласы мен орнына қарамастан, жалпы пайдаланымдағы жолдарға шығуға құқығы бар, сондай-ақ ішкі технологиялық мақсаттар үшін пайдаланылатын жылжымалы құрамының бірліктері жатады. Оның қатарына Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының, шетелдік заңды тұлғалардың, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың және халықаралық ұйымдардың меншікті немесе жалға алған, сондай-ақ сенімгерлік басқарудағы немесе мүліктік жалға алынған жылжымалы құрам бірліктері кіреді.**

# **Жылжымалы құрамды тіркеу, қайта тіркеу және оның кепілін тіркеу тәртібі**

*-Жылжымалы құрам мынадай жағдайларда:*

- 1) Қазақстан Республикасының резидент еместері Қазақстан Республикасының аумағына жөндеу үшін уақытша әкелген;*
- 2) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен жүріп өткен;*
- 3) Қазақстан Республикасының резидент еместері Қазақстан Республикасының аумағына жүктерді түсіру және тиеу үшін уақытша әкелген, сондай-ақ әкеткен жағдайларда, мемлекеттік тіркеуге жатпайды.*

**Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу жылжымалы құрамды иеленушілердің барлығы үшін бірдей негізде және шарттарда жүзеге асырылады. Осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тіркелетін жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу:**



1) егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, заңды тұлға тіркелген орны бойынша;



2) егер өтініш беруші жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер болған жағдайда, салық төлеуші ретінде тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.

Жылжымалы құрам:

1) шетелдік тұлғаға сенімгерлікпен басқаруға не мүліктік жалға Қазақстан Республикасының шегінен тыс одан әрі пайдалануға;

2) сенімгерлікпен басқаруға не мүліктік жалға (жалға беру) күнтізбелік 90 күннен аспайтын мерзімге берілген жағдайларда, қайта мемлекеттік тіркеу жүргізілмейді.

## **Жүк жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу кезінде мынадай санаттары көрсетіледі:**

- 1) жабық вагондар;
- 2) платформалар;
- 3) жартылай вагондар;
- 4) цистерналар;
- 5) рефрижераторлық және изотермиялық вагондар;
- 6) астық тасығыш;
- 7) цемент тасығыш;
- 8) фитингтік платформалар;
- 9) битум тасығыш платформалар;
- 10) басқалар (жүк тасымалдауға арналған арнайы вагондар, оның ішінде бункерлік түрі, транспортерлер, контейнер тасығыш және арнайы жүк вагондар түрі).

**Жылжымалы жолаушы және оған теңестірілген пошта, пошта-багаж және багаж жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу кезінде мынадай санаттары көрсетіледі:**

- 1) купе вагондары;
- 2) плацкарт вагондары;
- 3) «СВ» – ұйықтауға арналған вагондар;
- 4) «РИЦ» – РИЦ габаритті купе вагондары;
- 5) вагон-мейрамханалар;
- 6) облысаралық вагондар;
- 7) «ЗАК» – қамауға алынған адамдарды тасымалдауға арналған вагондар;
- 8) қызметтік вагондар;
- 9) қызметтік техникалық вагондар;
- 10) пошта вагондары;
- 11) багаж вагондары.





## Нағыз болашақтың пойызы




## Әлем темір жолдарының орташа учаскелік жылдамдығы



Пайдаланған қысқартулар:

- CSX - CSX Transportation (АҚШ)
- NS - Norfolk Southern (АҚШ)
- BNSF - Burlington Northern and Santa Fe (АҚШ)
- UP - Union Pacific (АҚШ)
- CN - Canadian National (Канада)
- CP - Canadian Pacific (Канада)
- РТЖ - Ресей темір жолдары
- DB S - Deutsche Bahn Schenker (Германия)
- БЧ - Беларусь темір жолдары
- УЗ - Укралиның


Жүк пойызы қозғалысының орташа техникалық жылдамдығы, км/сағ.



Жүк вагонының орташа тәуліктік өнімділігі, ткм-нетто



Жүк вагонының орташа тәуліктік жүрісі, км



Вагонының орташа статистикалық жүктемесі, тонна

